

**ЖШС «Nursultan 7 ясли сад»
балабақшасының педагог -
психологінің
2025 -2026 оқу жылындағы
психологиялық қызмет жұмысының
есебі**

**ЖШС «Nursultan 7 ясли сад» балабақшасының педагог - психологінің
2025 - 2026 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысының есебі**

2025 - 2026 оқу жылына арналған педагог-психологтың жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, олардың психозмоционалды дамуына қажетті жағдайлар жасау.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларда психикалық танымдық процестерді дамыту, мектепке психологиялық дайындықты қалыптастыру.
3. Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін жүзеге асыру, балалардың психикалық дамуы мен тұлғалық қалыптасуына бірлескен жұмысты бағыттау.
4. Педагогтармен өзара әрекеттесу, психикалық дамуы қиын, денсаулығы шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру, психопрофилактикалық және түзете-дамыту жұмыстарының әр түрлі формаларын қолдану.
5. Әріптестермен, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста ұжымның әр мүшесінің кәсіби психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

2025 - 2026 оқу жылына жоспарланған психологиялық қызметтің түрлері төмендегідей:

- топтарды бақылау;
- балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңестер (педагогтар мен ата- аналарға);
- ортаңғы топ балаларының зияткерлік даму деңгейін диагностикалау;
- ортаңғы топ балаларының мазасыздық деңгейін диагностикалау;
- ересек топ балаларының таным процестерін диагностикалау;
- Мектеп алды даярлық топ балаларының мектепке дайындығын диагностикалау;

Қыркүйек айында «Ата -ана мен бала қарым -қатынасы» сауалнама алынды.

Қыркүйек айында ересек топтар арасында (Н.Н.Павлова, Л.Г.Руденко әдістемесі бойынша) «Балабақшадағы экспресс диагностикасы» алынды.

Нәтижесі: 70%- ы жоғарғы деңгейді көрсетті; 30%- ы орта деңгейді көрсетті, орта деңгейдегі балалар тапсырмаларды орындауда аздаған көмек пен бағыттауды қажет етті. Жалпы нәтиже бойынша топ балаларының зияткерлік даму деңгейі жақсы деп бағаланды.

Қазан айында МАД топтарында Керн – Йрассик әдістемесі бойынша балалардың зияткерлік дамуын және мектепке дайындығын тексеру барысында диагностика алынды.

Нәтижесі: 3 тапсырма қортындысы бойынша;

Шағала тобы қатысқаны – 12, жоғары – 9; орташа – 4 ;

Шаттық тобы бойынша, қатысқаны – 14, жоғары – 9, орта – 5;

Балбұлақ тобы бойынша, қатысқаны – 16, жоғары – 15; орта -1;

Қараша айында ересек топтар арасында «Отбасы суреті» жобалау әдістемесі жүргізілді. Әдістеме барысында балалар өз отбасы мүшелерін бейнелеп, үйде кімдермен бірге тұратыны туралы әңгімеледі.

Нәтижесі: балалардың басым көпшілігі отбасы құрамы туралы толық мәлімет бере алады, ата-анасын, бауырларын және жақын туыстарын суретте көрсетті.Көптеген балалар суреттерді қызығушылықпен, түрлі түстерді пайдалана отырып салды. Бұл балалардың отбасы мүшелеріне деген жылы қарым -қатынасын, эмоциялық жақындығын көрсетеді.

Ал кейбір балалар отбасы мүшелерін толық бейнелемей, қысқаша ғана салды. Бұл балалардың суреттерінен ұялшақтық немесе эмоциялық тұйықтық белгілері байқалады. Дегенмен, жалпы топтрда отбасы туралы түсінік қалыптасқан, балалар өз отбасын жақсы қабылдайды және жақындарына жағымды көзқарас білдіреді.

Желтоқсан айында «Екі үй» социометриялық әдістемесі (Т.Д.Марцинковская) жеке балалар арасында алынды.

Қаңтар айында «Педагогтар арасында тұлғааралық қарым -қатынас тесті алынды.

Ақпан айында Ересек және ортаңғы топ ата -аналардан «Агрессивтілік белгілерін анықтау» сауалнамасы алынды.

Нәтижесі:

Гүлдерде 15 ата-ана жауап берді, нәтижесінде агрессивтілік белгілері де, бақылауды қажет ететін балаларда анықталмады.

Бәйтерек тобы 22 ата -ана жауап берді, нәтижесінде 2 бала агрессивтілік белгілері анықталды, 1 бала бақылауды қажет етеді. Қалған балалардың мінез -құлықтары қалыпты деңгейде.

Жұлдыз тобы 21 ата-ана жауап берді, нәтижесінде 1 бала агрессивтілік белгілері анықталды, қалған балалардың мінез-құлықтары қалыпты деңгейде.

Күншуақ тобы

Наурыз айында МАД топтары мен Ересек топтарынан (В.Л.Шарохина) диагностикасы алынды.

Мақсаты: Балалардың зияткерлік даму деңгейін анықтау, ойлау, есте сақтау, зейін қою және қабылдау ерекшеліктерін зерттеу.

Нәтижесі: диагностика барысында балалар қызығушылықпен орындады.Нәтижесінде балалардың зейіні мен есте сақтау қабілеттері орташа және жоғары деңгейде екені анықталды. Балалардың көпшілігінде логикалық ойлау, салыстыру және талдау дағдылары жақсы қалыптасқан. Кейбір балаларға тапсырманы орындау кезінде қосымша бағыт -бағдар беру қажет болды.Жалпы топтар бойынша танымдық даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сай екені анықталды.

Сәуір айында МАД топтарының ата -аналарынан «Сіздің балаңыз мектепке дайынба?» сауалнамасы алынды.

Нәтижесі: Сауалнама нәтижесі бойынша балалардың 90%- ы барлық сұрақтарға «иә» деп жауап берді. Бұл олардың мектеп туралы түсінігі қалыптасқанын және мектепке деген оң көзқарасы бар екендігін көрсетеді.

Мамыр айында «Кеңістікті бағалау» әдістемесі бойынша балалар мектепке дайын ба? Кеңістікті қалай қабылдайды, оң, сол, жоғары, төмен деген ұғымдар туралы түсінігін бақылау мақсатында сурет салуға тапсырма берілді. Тапсырманың сипаттамсы: ақ қағаздың жоғарғы оң жағына күн суретін салу; Төменгі сол жаққа ағып жатқан су салу; Ортасына өсіп тұрған ағаш салу; Ағаштың сол жағына иттің үйшігін салу; Ағаштың түбіне доптың суретін салу.

Нәтижесі:

Балбұлақ тобы бойынша қатысқаны -15 бала, жоғары нәтиже -9, 5 балада 1-2 қатемен оң мен солды шатастырғандар болды.

Шағала тобы бойынша қатысқаны -16 бала, жоғары нәтиже – 8, 8 балада шатасу бар.

Шаттық тобы бойынша қатысқаны – 14 бала, жоғары нәтиже – 9 бала, 5 балада шатасу бар.

Сонымен бірге « Мен мектепке барамын» тақырыбында балалармен әңгімелесу болды.

Мақсаты: Балалардың мектеп туралы түсінігін қалыптастыру, сөйлеу тілін дамыту, мектепке психологиялық дайындықтарын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп, мұғалім, оқушы туралы түсінік беру
- Сұрақ-жауап арқылы ойлау қабілетін дамыту;
- Өз ойын еркін жеткізуге үйрету;

Мектеп туралы әңгіме барысында балалар мектеп жайлы өз ойларын айтып.мектепте не істейтіндерін түсіндіре алды. Көпшілігін мектепке баруға қызығушылық танытып,мұғалім,сабақ,кітап,прта туралы түсініктерін көрсетті.Балалардың жауаптарынан мектеп туралы жағымды көзқарас пен оқуға деген ынта байқалды.Жалпы балалардың мектеп туралы түсініктері жас ерекшеліктеріне сай қалыптасқан.

2025- 2026 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылып, алынған сауалнамалар мен диагностикаларға, хаттамалар толтырылды.

Педагог-психолог: Д.Р.Садыкова